

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 99 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.04. N 237 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 36-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 ақпандағы N 137 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 6, 66-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 9

қ а ң т а р д а ғ ы

N

9 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат есебінен және шегінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын мемлекеттік субсидиялаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Субсидиялар осы қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын кәсіпорындарға (бұдан әрі - Су жеткізуші) суару үшін су жеткізу жөнінде көрсетілетін

қызметтердің құнын (шығынын) ішінара өтеуге (арзандатуға) арналады.

3. Субсидиялар оларға белгіленген су тұтыну лимиті шегінде және республикалық бюджетте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға көзделген қаражат мөлшерін ескере отырып, арзандатылған құны бойынша Су пайдаланушылардың бөлінген нүктелеріне су жеткізу жөнінде нақты көрсетілген қызметтер үшін Су жеткізушілерге төленеді.

4. Жеткізілген судың 1 (бір) текше метріне бөлінетін субсидия мөлшерін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне пайыздық ара қатынаспен өңірлік жағдайларды ескере отырып, саралап белгілейді.

5. Субсидияланған тарифтер бойынша (субсидия мөлшеріне азайтылған) су жеткізу Су жеткізуші мен Су пайдаланушы арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнына субсидиялар төлеудің тәртібі және мемлекеттік субсидиялаудың шарттары

6. Су жеткізуді Су жеткізуші қызметі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған суармалы жерлерді пайдаланумен байланысты Су пайдаланушыларға субсидияланған тарифтер бойынша жүзеге асырады.

7. Субсидияланған тарифтер бойынша су алуға тілек білдірген Су пайдаланушылар Су жеткізушіге мынадай құжаттарды ұсынады:
с у тұ т ы н у ғ а ө т і н і м ;

жер пайдалану құқығына актінің, жер пайдалануға шарттың көшірмесін, немесе жер учаскесін бөлу туралы аудан әкімдігі шешімінің көшірмесін (нотариалды түрде куәландырылған көшірмелер).

8. Су жеткізуші жыл сайын 1 маусымға дейін осы Ереженің 3, 4, 5, 7-тармақтарына сәйкес Су пайдаланушылармен алдағы суару маусымына субсидияланған тарифтер бойынша су жеткізу жөнінде шарт жасасады. Егер Су пайдаланушылар вегетация аралық (дымқылдату және суғару) суаруларын жүзеге асырса, онда шарт осы жұмыстар басталғанға дейін жасалуы тиіс.

9. Су жеткізуші су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнына с у б с и д и я л а р а л у ү ш і н :

1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - Уәкілетті орган) облыс әкімі ауыл шаруашылығы департаментімен (басқармасымен) және Ауылшарминінің облыстық аумақтық органымен келісім бойынша жеткізілетін су көлемін, көрсетілетін қызметтер құны мен су жеткізу

жөніндегі бекітілген тарифті көрсетіп, тиісті жылға арналған субсидияланатын тарифтер бойынша суару үшін су алатын Су пайдаланушылардың тізбесін ұсынады;

2) ай сайын Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына Су пайдаланушылар бөлінісінде субсидияланған тарифтер бойынша су жеткізу жөнінде нақты көрсетілген қызметтердің Ауылшарминінің облыстық аумақтық органымен алдын ала келісілген жиынтық тізілімін мыналарды қоса беріп, ұсынады:

төрт данада жасалған (Су жеткізуші, Су пайдаланушы, Ауылшарминінің облыстық аумақтық органы және Уәкілетті орган үшін) су жеткізу жөнінде көрсетілген қызметтердің актілерін;

Су пайдаланушылармен бірге салыстырып тексерілген су жеткізу жөнінде көрсетілген қызметтерге төленген актілер төлем құжаттары мен олардың төлеген күні белгіленген актілерді.

10. Ауылшарминінің облыстық аумақтық органы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді әрі есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне Уәкілетті органына ай сайын осы Ереженің 9-тармағына сәйкес жасалған бекітілген жиынтық тізілімдерді және осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген актілердің түпнұсқаларын Уәкілетті органға ұсынады.

11. Уәкілетті орган:

тиісті жылға арналған субсидияланған тарифтер бойынша суармалы су алатын Су пайдаланушылар тізбесін бекітеді және оны Су жеткізуші мен Ауылшарминінің облыстық аумақтық органына жолдайды;

осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына субсидиялар төлеу үшін су жеткізу жөнінде нақты көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімін ұсынады;

республикалық бюджеттен қаражаттың түсуіне қарай есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін Су жеткізушілердің есеп айырысу шоттарына субсидиялардың тиесілі сомаларын аударады;

Су жеткізушінің Су пайдаланушымен ұсынылатын екі жақты шартының нысандарын, су тұтынуға өтінімдерді, Су пайдаланушылар тізбесін, ай сайынғы қызметтер көрсету актісін және Су пайдаланушылар бөлінісінде су жеткізу жөнінде нақты көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімін бекітеді.